

Қазығұрт ауылы округі, Молбұлақ елді мекенінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылы округі әкімінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 4 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 сәуірде № 3149 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылы округі әкімінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылы округі әкімінің 27.07.2015 № 18 шешімімен (алғашқы жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін).

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Оңтүстік Қазақстан облысының Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 1-09/111 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Қазығұрт ауылы округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт ауылы округі, Молбұлақ елді мекені тұрғынының жеке қосалқы шаруашылығында құтыру ауруының ошағы анықталуына байланысты Қазығұрт ауылы округі, Молбұлақ елді мекенінің аумағына шектеу іс-шаралары **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округі әкімінің орынбасары **Б . А с қ а р о в қ а** жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

Ф.Зұлпыхаров